



АҚШ-тағы сайлау науқаны:
**КІМ ЖЕҢІМПАЗ
БОЛМАҚ?**

4

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №61 (6512) 2 тамыз, жұма, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

АҚОРДА

Әлеуметтік сала:

ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІ

Ауыр тұрмыстық жағдайдағы отбасыларға арналған
ұтымды әрі тиімді көмек шаралары әзірленеді



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев
Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенованы қабылдады

Мемлекет басшысына әлеуметтік саланы қаржыландырудың жаңа әдістері таныстырылды. Аталған тәсілдер бөлінген қаржының шын мұқтаж жандарға жетуін, мемлекеттік қолдау шараларының ашықтығын, сондай-ақ бюджет қаражатының тиімді жұмсалуды қамтамасыз етуге бағытталған. Тамара Дүйсенова әлеуметтік салаға 14,5 триллион теңге бөлінгенін жеткізді. Бұл жалпы мемлекеттік бюджеттің 60 пайызын құрайды.

Президентке білім беру, медициналық көмек сапасын арттыру және әлеуметтік нысандар құрылысы мен ауыл тұрғындарын қолдау бойынша Үкімет тарапынан қолға алынған жобалар жайында мәлімет берілді. Отбасының цифрлық картасы арқылы көрсетілетін қызметтер азаматтардың әлеуметтік санатына қарай дербес ұсынылатыны туралы баяндалды. Ауыр тұрмыстық жағдайдағы отбасыларға арналған ұтымды әрі тиімді көмек шаралары әзірленеді.

Мемлекет басшысы қабылданған шаралардың маңызын атап өтіп, аталған ұсыныстарды қолдады. Сондай-ақ, бұған дейін басталған жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыруды тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).

ЭКОНОМИКА

Жалпы өңірлік өнім:

ТҰРАҚТЫ ӨСІМ

2024 жылдың бірінші тоқсанында Алматының жалпы өңірлік өнімі 4,7% өсіп, 5,3 трлн теңгеге жетті.

Алматы қаласы Экономика басқармасының мәліметінше, өсімнің негізгі драйверлері ретінде көлік, құрылыс, тұрғын үйді пайдалануға беру, байланыс және сауда салалары анықталған. Басқарманың мәліметінше, қысқа мерзімді экономикалық индикатор

0,6%-ға өсіп, 102,4% көрсетті. 2024 жылы экономиканың өсімі 5,5% деңгейінде болады деп болжанып отыр.

Бұрын хабарланғандай, 2023 жылы Алматының ЖӨӨ 24,8 трлн теңге болды, бұл соңғы 10 жылдағы рекордтық көрсеткіш.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Тамақ өнеркәсібі:

ҚАРҚЫНДЫ ДАМУ

2024 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша Алматыда тамақ өнеркәсібі өндірісінің өсу қарқыны байқалады.

Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының мәліметі бойынша, азық-түлік өндірісінің индексі

биылғы жылдың басынан бастап 84,6%-дан 88%-ға, сусындар 56,9%-дан 87%-ға дейін өскен.

Жалпы, 2024 жылы өңдеу өнеркәсібінің 5% деңгейінде өсуі болжануда. Бұл ретте Алматының өңдеу өнеркәсібінде ең үлкен үлесті автомобиль жасау – 34,8%, тамақ өнімдерін өндіру – 18,3% және сусындар – 5,8% иеленіп отыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

2.08.2024

Түнде:



+22+24 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+34+36 °C

Көшпелі бұлтты, өткіңші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

2-7, найзағай кезінде екпіні 13м/с

3.08.2024

Түнде:



+22+24 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+30+32 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:

2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz



Алматы экономикасын әртараптандыру:

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

үлесінің өсуі есебінен кірісті одан әрі арттыруға баса назар аударылады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевты қабылдады. Шаһар басшысы Президентке биылғы бірінші жартыжылдықтағы Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындысы туралы баяндады. Аталған кезеңде Алматыда инвестициялық өркендеудің жоғары қарқыны байқалады. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 15,8 пайызға өсіп, 714,8 миллиард теңгеге жетті. Жеке инвестицияның көлемі 21,1 пайызға ұлғайды, оның ішінде IT-секторда, сондай-ақ туризм, өңдеу өнеркәсібі, денсаулық сақтау және көлік салаларында өсім бар. Жыл соңына дейін 2 триллион теңге инвестиция тартылады деп жоспарланып отыр. 2024 жылдың басынан бері 32,7 мың жұмыс орны ашылды. Оның 75 пайызы тұрақты жұмыс орны.

Алматыда инвестициялық өркендеудің жоғары қарқыны байқалады. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 15,8 пайызға өсіп, 714,8 миллиард теңгеге жетті. Жеке инвестицияның көлемі 21,1 пайызға ұлғайды. Мезапалысқа жыл соңына дейін 2 триллион теңге инвестиция тартылады деп жоспарланып отыр. 2024 жылдың басынан бері Алматыда 32,7 мың жұмыс орны ашылды. Оның 75 пайызы тұрақты жұмыс орны.

Мемлекет басшысына қоғамдық көлікті жаңарту мен экологиялық талаптарға сәйкестендіру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берілді. Биыл экологиялық таза қоғамдық көліктің үлесі 70 пайызға дейін артады. Былтыр бұл көрсеткіш 53,7 пайызды құраған. Жергілікті бюджет есебінен жыл соңына дейін газбен жүретін 600 автобус, 100 электрлі автобус, 112 троллейбус сатып алынады. Сондай-ақ, қаланың троллейбус паркі толығымен жаңартылады.

Президентке қаланың жоғарғы бөлігін сумен камтудың резервтік схемасын жасау жөніндегі тапсырмасының орындалуы туралы баяндалды. Бұл бағыттағы құрылыс жұмыстары биылғы шілде айында аяқталып, 6 жаңа ұңғыма және 1,5 шақырым магистральдық құбыр пайдалануға берілді. Нәтижесінде қосымша схеманың қуаты 60 пайызға артты. Бұл Медеу ауданының 50 мың тұрғынын сумен үздіксіз қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың айтуынша, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Биыл 4 медициналық-санитарлық алғашқы көмек орталығының құрылысы және 12 емхананың күрделі жөндеу жұмыстары аяқталады. Бұған қоса, жыл соңына дейін 11 жаңа медициналық-санитарлық алғашқы көмек орталығы мен емхана құрылысының жобасы жасалады. Осы жылы маусым айында Алматы қаласының Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында «Фетальді хирургия» пилоттық жобасы жүзеге асты. Бұл жоба елімізде алғаш рет қолға алынып отыр.

Мемлекет басшысына мектептердегі орын тапшылығын азайту бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде айтылды. Жыл соңына дейін жергілікті бюджет есебінен 3,7 мың орынды 8 нысан пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, 6,4 мың орынды 10 жекеменшік мектеп ашылады. Президент өңдеу өнеркәсібін дамытуға, сондай-ақ Алматы экономикасын әртараптандыру аясында шағын және орта бизнес үлесінің өсуі есебінен кірісті одан әрі арттыруға баса назар аударуды тапсырды.

АҚОРДА АҚПАРАТТАРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропа Одағының Сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі Жоғарғы өкілі – Еуропалық Комиссияның вице-президенті Жозеп Боррельмен кездесті.

Тараптар Қазақстан мен Еуропа Одағы арасындағы ынтымақтастықты дамыту перспективаларын талқылады. Халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер, Орталық Азия елдерінің өзара ықпалдастығы жөнінде пікір алмасты.

Ақорданың Баспасөз қызметі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өтетін алдағы іс-шаралар аңдатпасын жариялады.

Ел Президентінің шақыруымен 2-3 тамыз күндері Конго Республикасының Президенті Дени Сассу-Нгессо Қазақстанға ресми сапармен келеді. 7-8 тамыз күндері Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевтің елімізге мемлекеттік сапары болады. 9 тамыз күні Астанада Орталық Азия мемлекеттері басшыларының алтыншы Консультативтік кездесуі өтеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: akorda.kz).

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

БИЫЛҒЫ СУ ТАСҚЫНЫ

еліміздің 12 өңірін әбігерге салған ең күрделі кезең болды

Төтенше жағдайлар министрлігінің ресми деректеріне сүйенсек, 11 мыңнан астам тұрғын үй су астында қалған, автожолдардың 150 учаскесін су шайып, 11 көпір қираған.

Тұрғындарды эвакуациялау үшін понтон көпірлері, әуе авиациясы және арнайы инженерлік техника пайдаланылды. Аса күрделі су тасқыны жағдайы қалыптасқан өңірлерге күштер мен техниканы ауқымды тасымалдау жүзеге асырылды. Су тасқынына қарсы күреске Төтенше жағдайлар министрлігінің әскери қызметкерлері жұмыла қатысты. Қазір министрлік алдағы сын-қатерлерге әзірлікті қамтамасыз ету үшін материалдық-техникалық базаны белсенді түрде нығайтуда.



СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗЕҢІ

120 МЫҢНАН АСТАМ АЗАМАТ ҚҰТҚАРЫЛДЫ ЖӘНЕ ЭВАКУАЦИЯЛАНДЫ

ОНЫҢ 45 МЫҢЫ БАЛА

АПАТПЕН КҮРЕСУГЕ:

> 63 МЫҢ АДАМ
7 МЫҢ БІРЛІК ТЕХНИКА
>1 МЫҢ СУ АЙДАУ ҚҰРАЛЫ
418 ЖҮЗУ ҚҰРАЛЫ
38 ӘУЕ КЕМЕСІ ҚАТЫСТЫ

Үкімет су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарды қолдау және тұрғын үйді қалпына келтіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмысты тұрақты бақылауда ұстап отыр.

Қазіргі уақытта барлық облыста тұрғын үй мен саяжай құрылысын тексеру және бағалау жұмысы толығымен аяқталды. Су тасқынынан зардап шеккен қазақстандықтарға 4790 салынған және сатып алынған үй мен пәтер берілді.

СУ ТАСҚЫНЫ САЛДАРЫН ЖОЮ

ӨТЕМАҚЫЛАР МЕН ТӨЛЕМДЕР

100 АЕК мөлшерінде біржолғы төлем
34 068 → 12,5 МЛРД ТЕҢГЕ

Жоғалған ең қажетті заттарын сатып алуға
150 АЕК дейін төлем
21 800 → 9,9 МЛРД ТЕҢГЕ

Баспананы жөндеуге өтемақы
8 717 → 48,2 МЛРД ТЕҢГЕ

Суға кеткен мал үшін өтемақы көлемі
2,8 МЛРД ТЕҢГЕ

ТҰРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІ

Қираған баспанасының орнына берілген жаңа үй мен пәтерлер
4 467

Зардап шеккен азаматтар үшін
2 568 салу
323 кілті иелеріне берілді

ЗАРДАП ШЕККЕН БИЗНЕСКЕ КЕЛТІРІЛГЕН ШЫҒЫНДЫ ӨТЕУ

Өңірлік комиссиялар
37% өтінімді 5,8 МЛРД ТЕҢГЕ
Мақұлдады

Су тасқынынан зардап шеккен өңірлерде күзге дейін барлығы 2568 үй салып, тапсыру жоспарланған, жұмыс қарқынды жүргізіліп жатыр. Комиссия шешімдерінің қорытындысы бойынша жалпы сомасы 48,2 млрд теңгеге 8717 отбасы тұрғын үйін жөндеуге және қалпына келтіруге өтемақы алды.

Сонымен қатар, зардап шеккен бизнеске келтірілген шығынды өтеу бойынша жұмыстар да жүргізілуде. Өңірлік комиссиялар ШОБ субъектілерінің жалпы сомасы 5,8 млрд теңгеге 374 өтінімін қарап, мақұлдады. Суға кеткен мал үшін берілген мемлекеттік көмек көлемі 2,8 млрд теңгеден асты.

Жалпы, Төтенше жағдайлар министрлігі есебінде сел қаупі бар – 614, көшкін қаупі бар – 412 учаске бар. Оларға күнделікті мониторинг жүргізіліп, аэровизуалды және жерүсті зерттеулер жасалады. Мысалы, Іле Алатауындағы «Қазселденқорғау» бөлімшелері алты ықтимал қауіпті мореналық көлдерді босату бойынша ауқымды жұмыс жүргізді, бұл олардың бұзылу қаупін айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік берді.

Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру ерекше бақылауда тұр. Биыл су тасқынын жоюға шамамен 5 млрд теңге көлемінде құнды заттар бөлінді. Құтқарушылар үшін 10 мыңнан астам өрт сөдіру техникалық жабдық, 166 бірлік арнайы техника сатып алу, лизинг шеңберінде апаттық-құтқару және іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін ұшақ пен 5 тікұшақ сатып алу жоспарланып отыр. Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі бірыңғай басқарма үшін заманауи ақпараттық технологиялармен жабдықталған Дағдарысты басқару орталығын жаңғырту аяқталды. Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің әлеуметтік пакетін жақсарту, тұрғын үй төлемдері мәселелері заңнамалық деңгейде шешілуде.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: Primeminister.kz).



МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

«АҚША БАЛАНЫҢ СОҢЫНАН ЖҮРЕДІ»

мектепке дейінгі білім беру сапасы
қалай жақсарады?

Елімізде балабақшаларды субсидиялау қағидаты реформалануда. Мектепке дейінгі ұйымдардың шектеулі көлемде мемлекеттік тапсырыс алатын бұрынғы моделінің орнына Indigo ваучерлік қаржыландыруын енгізу ұсынылады.



Жүйе негізінде «ақша баланың соңынан жүреді» тұжырымы жатыр. Бұл тәсіл ата-аналарға балалары үшін ең жақсы балабақшаны таңдауға және көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жаңа қағиданы енгізу балалардың бір бақшадан екіншісіне еркін ауысуын, яғни қаржыландырудың бірге өтуін, мектепке дейінгі мекемелер үшін еңбек шығындарының едәуір қысқаруын және

жаңа мекемелердің жүйеге оңай кіруін көздейді. Бүгінгі таңда цифрлық платформаға 12 өңір қосылған. Олардың тәжірибесін бүкіл елге кеңейту жоспарлануда. Ваучерлік қаржыландыруды басқаруды мемлекеттік құрылым – «Қаржы орталығы» АҚ жүзеге асырады. Бұл ретте Indigo жүйесі банктер, ұлттық білім беру платформасы және басқа да ведомстволар арасында деректермен алмасуды дербес қамтамасыз етеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Евгений ЩЕРБАТОВ,
«КДС Франчайзинг» ЖМ дамыту жөніндегі директоры:

**БАЛАБАҚШАҒА ҚАРЖЫНЫ
БІЛІМ БӨЛІМІ ЕМЕС, БАЛА ӘКЕЛЕДІ**

Мектепке дейінгі ұйым ашылады, белгіленген тәртіптегі құжаттарды білім бөліміне өткізеді, бұл құжаттар расталғаннан кейін ұйым аталған қаржыландыруға қатыса алады. Балабақшаға ақшаны білім бөлімі емес, бала әкеледі. Осылайша балабақшалар мемлекеттік субсидиялау нарығына еркін қосылып, өзара бәсекелесе алады.

ӘЛЕУМЕТ

Қоғамдық көлік:

ЖОЛ ЖҮРУ БАҒАСЫ

жаңа тариф 3 тамыздан бастап күшіне енеді

Алматыда қалалық мәслихатымен келісілген және сарапшылармен белсенді талқыланған қоғамдық көлікте жүру бағасы 120 теңге болды. Әкімдіктің қаулысына сәйкес, 3 тамыздан бастап жол ақысын қолма-қол ақшамен төлеу мүмкіндігі алынып тасталады. Бұл шара, ең алдымен, тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты. Өйткені, автобус жүргізушісі ақша жинауға алаңдамай, тек көлік құралын басқаруы керек.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Қалалық мобильділік басқармасы бүгінде жолаушылардың 97%-дан астамы жол ақысын қолма-қол ақшасыз төлейтінін атап өтті.

Қала тұрғындары мен мегаполис қонақтарына қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың бірнеше әдісі қолжетімді:

- Опау филиалдарында және 115 клиенттерге қызмет көрсету орындарында сатып алуға болатын көлік картасы арқылы;
- ұялы телефонның SMS арқылы;



- мобильді қосымша арқылы (шетелдік қонақтарға ыңғайлы болу үшін интерфейсті ағылшын тілінде енгізу нысқаталуда).
- Бұдан басқа, жол жүру ақысын елеу фактілерін қысқарту мақсатында жолаушы-

ЖОБА



Суреттерді түсірген Сағат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«ӘЛЕУМЕТТІК ӘМИЯН»

1 қыркүйектен еліміздің барлық өңірінде
оқушыларды тегін және жеңілдікпен тамақтандыру
бойынша жобаны кеңінен тарату басталады

Жоба қазақстандықтарға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған. Пилоттық режимде 2023 жылдың соңынан бері елімізде азаматтардың жекелеген санаттарын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, мектептерде тегін және жеңілдікпен тамақтандыру сияқты қызметтер іске асырылуда.

Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бойынша 43 ұйым қосылды, 30 мың рецепт іске асырылды; мектептерде тегін және жеңілдікпен тамақтандыруға – 93 ұйымға 27 мың түскі ас таратылды.

«Әлеуметтік әмиянды» әзірлеушілер аталған пилоттық жобаның сәтті тәжірибесін таратуға ниетті. Бұдан басқа, «Әлеуметтік әмиян» шеңберінде ақшалай қаражатты монетизациялау, мүгедектігі бар адамдар

үшін техникалық оңалту құралдарын сатып алу; халықтың әлеуметтік осал топтарына ӘМАТ тізбесінен азық-түлік сатып алуға атаулы көмек көрсету; әлеуметтік осал санаттағы тұтынушылар үшін тауарлы газға ваучерлер мен ЖКМ бағасының өсуін өтеу үшін ваучерлер ұсыну бойынша пилоттық жобаны іске қосу қосымша пысықталуда.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұртай ӘБІЛҒАЛИЕВ,
BTS Digital ЖШС бас директоры:

КЕЗ КЕЛГЕН ЗАҢСЫЗ ТІРКЕУЛЕР ШЕКТЕЛЕДІ

«Әлеуметтік әмиян» азаматтардың EGOV қосымшасында мемлекет тарапынан көрсетілетін барлық қолдау құралдары мен шараларын жинақтау арқылы азаматтарға мемлекеттік қолдау шараларын алуды жеңілдету үшін жасалған. Аталған жоба арқылы мемлекеттік көмек алу және оның жүргізілу тарихын қадағалау ыңғайлы. Ваучерлер жекелендірілген түрде жазылады, бұл кез келген заңсыз тіркеулердің мүмкіндігін шектейді. Жыл соңына дейін аталған өнім еліміздің барлық азаматтарына ыстық тамақ пен дәрі-дәрмек бойынша қолжетімді болады деп жоспарланып отыр.

- айлық жол жүру билеті – 9900 теңге;
- студенттік айлық жол жүру билеті – 4200 теңге;
- мектеп айлық жол жүру билеті – 2000 теңге;
- зейнетақы айлық жол жүру билеті – 3000 теңге.

Естеріңізге сала кетейік, азаматтардың келесі санаттарына тегін жол жүру ұсынылады: ҰОС қатысушылары, 75 жастан асқан зейнеткерлер, 1-ші, 2-ші топтағы мүгедектер, 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар, саяси қуғын-сүргін құрбандары және басқа мемлекеттердің аумағындағы әскери қимылдардың ардагерлері.

Сондай-ақ, азаматтардың 4 санаты үшін тарифтің 50%-ы түріндегі жеңілдік сақталады: студенттер, жасына байланысты зейнеткерлер, көпбалалы аналар, мүгедек балалармен бірге жүретін адамдар.

Жалпы, Алматы қаласының мобильділік басқармасы реттеушілік модельдің және жаңа тарифтік ұсыныстың жобасын әзірлеуде, оның аясында қала тұрғындары мен қонақтарына қоғамдық көлік қызметтерін пайдаланудың ыңғайлылығы үшін, оның ішінде тегін ауысып отыру мүмкіндігімен түрлі жол жүру абонементтері ұсынылатын болады.

Айта кету керек, Алматы қаласы әкімдігі биыл қосымша 600 автобус, 112 троллейбус және 100 электробус сатып алуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар, жеке тасымалдаушылар 400-ге жуық жаңа автобус пен 15 электробус сатып алуды жоспарлап отыр. Қабылданған іс-шаралар биыл экологиялық таза көліктің үлесін 70%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді, бұл ретте автобустардың орташа жасы 3 жылды құрайды.

лардың қамтылуын тексеру, сондай-ақ жүргізуші құрамы тарапынан бұзушылықтарды тіркеу үшін бірыңғай бақылау қызметін құру туралы мәселе қаралады.

Сондай-ақ, 3 тамыздан бастап жол жүру билеттерінің ендігі құны төмендегідей:



САРАПТАМА

АҚШ-тағы сайлау науқаны:

КІМ ЖЕҢІМПАЗ БОЛМАҚ?

2024 жыл әлем тарихында «сайлау жылы» ретінде есте қалары анық. Жыл басынан бері көптеген елде елеулі саяси бәсекелер өтіп келеді. Алайда, АҚШ-та қарашада өтетін президент сайлауы қазірдің өзінде төрткүл дүниенің назарын бұрып-ақ тұр. Жаһандық көшбасшы державаның ішкі-сыртқы саясаты әлемнің әр түкпіріне өз әсерімен жетіп жатады. Сол үшін де бұл елдегі әр реткі сайлау науқанын әлем болып талқылайтыны бар. Талқылағанда да әр ел сайлау нәтижесін өз тұрғысынан бағалап, болжап, өзіне келіп-кетері қандай деген сауалдарға жауап іздейді. Әлі 100 күннен аса уақыт бар болса да сайлау нәтижесіне болжап, келер-кетерін екшеуге ертелік етпейді. Сонымен, кезекте Құрама Штаттардағы қос партияның қазіргі жағдайын есепке ала отырып, алғашқы адымдағы болжамдарымызды ұсынамыз. Әрі демократтар немесе республикашылдар жеңісінің ықтимал әсерлеріне талдау жасайтын боламыз.

Демократтардан
үміткерлер аз емес

Төрт жыл бұрын Құрама Штаттар тарихындағы ең тартысты сайлау өткен болатын. Биылғы дода одан аспаса кем түспейді. Байден үміткерліктен бас тартқаннан кейін Демократиялық партия ғана емес, АҚШ-тың сайлау жүйесінің өзі үлкен тығырыққа тірелді. Сайлауға 3 ай шама-сында уақыт қалды, мұндай уақытта бір тараптың үміткерсіз қалуы ел тарихында кездеспеген. Заңға сәйкес вице-президент Харистің үміткерлігі тамыз ортасындағы партия съезінде тұрақтануы тиіс еді. Әйтсе де, Демократтар оған дейінгі уақытты Республикашылардың пайдасына беріп қойып қарап отырмасын аңғартты. Партия делегаттары қысқа уақыт ішінде Харистің үміткерлігін жақтап шықты. Әрі ол айналасы 3-4 күн ішінде сайлау науқаны үшін 100 миллион доллардан аса қаржы жинай алды.

Осыдан кейін оны Демпартияның ресми үміткері деп атай берсе де болар. Әйткенмен, партия ішіндегі қолдау ел ішінің қолдауы дегенді білдірмейді. Демократтар бар болғаны қиын жағдайдан шығып кетудің қамын істеп жатқандай. Камела Хариспен бәсекеге түскісі келетін демократ үміткерлер де аталып қалды. Қысылтаяң сәтте демократтардың үмітін ақтауға тұрарлық адамдардың есімдері атала бастады. Ол қатарда Мичиган губернаторы Гретчен Уитмер, Калифорния губернаторы Гэвин Ньюсом, Пенсильвания губернаторы Жош Шапиро, Иллиойс штатының губернаторы Дж.Б.Притцкерлер бар. Соңғы екеуі Трампқа қарсы батыл сыншы ретінде танылған саясаткерлер. Арасында Хариспен бәсекеге түсіп жатса Гэвин Ньюсомның жеңіп шығуы мүмкіндігі жоғары. Ол соңғы жылдары Демократтардың жаршысы әрі ұдайы өсіп келе жатқан саяси ықпалға ие тұлға ретінде танылған. Ең қызығы, осы аталғандардың бәрі дерлік демократтар үшін 2028 жылы өтетін сайлаудың басты үміткерлері деп аталып жүретін. Бұған қарап Демократиялық партия өз ішінде үміткерсіз қалу сценарийіне дайын болмағанын көреміз.

Әрине, партияластарының қолдауына және сайлау науқанын қаржыландыратын тараптардың белсенділігіне қарап Камела Харис демократтардың негізгі үміт-

кері деп тани берсек болады. Бұның бәрін айтып отырған себебіміз, демократтардың қазіргі қадамдарынан олардың жеңіске жету ықтималдығын болжауға тырысу болатын. Бүгінге дейінгі аяқ алыстарына қарап Демпартияның Республикашыларға қарағанда ырықсыз орында тұрғанын айту қиын емес.

Трамп бір қадам алда...

Демократиялық партия тарапы үміткерін ауыстырып жатқанда, Республикашылар сайлауалды үгіт-насихатын бастап кетті. Бұл – Трамп командасының қазіргі басты артықшылығы. Егер жарыс соңына дейін осы позициясын сақтап тұрса немесе бірнеше қадам озып кетсе, онда Трамптың екінші рет президент болу ықтималдығы зор. «Қызылдардың» (Республикашылар) сайлауалды іс-қимылдарынан біз бұрынғы мемлекеттік кеңесші Жарет Кушнердің қолтаңбасын танып тұрмыз. Кез келген қолайсыз ситуацияны өзіне қолайлы бағытқа бұрып жіберетін Трамптың күйеу баласы қазір де оның сенімді кеңесшісі.

Президенттік өкілеттілігі кезіндегі кейбір мәселелер және жеңіл жүрісті актриса дауы сынды басты кандидат үшін жағымсыз істердің бәрі Трамптың пайдасына шешіліп келе жатуы оның командасында шебер үйлестірушілер мен іскер менеджерлердің бар екенін білдіреді. Оның үстіне, басты үміткерге жасалған қастандық президенттікке үміткердің ел ішіндегі қаһарман образын тіпті де биіктетіп жіберді. Тісқакты саясаткер, тәжірибелі ойыншы, күшті қарсылас саналатын Байденнің жарыстан шығып қалуы да Трамп үшін тағы бір олжа. Оның «Камела Харисті жеңу Байденді жеңуден әлдеқайда оңай» деуі бекер емес. Егер қазір үміткерлердің саясат алаңындағы салмағын бағаласа Харис Трампқа тең келетіндей бедел жинап үлгерген жоқ.

Республикашылар саяси
додаға сақадай сай

Әрине, егер сайлау басқа бір елде өтіп жатса осы салыстырулар арқылы-ақ Трампты Құрама Штаттардың келесі президенті ретінде атар едік. Алайда, бұл Америка Құрама Штаттары, саяси технологиялар жетілген, әрі қызу бәсекеге толы ел. Саяси топтардың тағдыры қысқа уақыт ішінде өзгеріп отыратын жер.



Сондай болжаусыздықтар арасынан Трамптың тағдыр-тәлейін тайдырып, Харистің бағын аспан-датып жіберетін әлдебір оқиғалардың болмайтынына ешкім кепілдік бере алмайды.

Сайлау тағдырын шешетін америкалықтар, соның ішінде де бірнеше штаттағы тұрғындардың таңдауы жеңімпазды анықтайтындай. Енді ғана партияластарының қолдауына ие болған Харис барлық штаттарды аралап шығуға уақыты жоқ. Дегенмен, штаттардың өз дәстүрі бар. Кей штаттарда демократтарды қолдаушылар басым болса, кей штатта республикашылардың ұдайы бәсі биік болып жатады. Уақыт аз қалғандықтан Харис барлық штаттарды аралап жүрмейтіні белгілі. Сондықтан Трамппен ең сұрапыл бәсеке орын алатын штаттарға басымдық беруі мүмкін. Яғни Пенсильвания, Огайо сынды алдыңғы сайлауда ит-жығыс түскен штаттардағы жеңіс маңызды болғалы тұр. Егер кім-кім АҚШ-тың келесі президентін алдын ала анықтағысы келсе, осы штаттардағы сайлауалды іс-қимылдарын бағалауына тура келеді.

Қалай десек те, Трампты бас үміткер еткен республикашылардың саяси жарысқа сақадай сай екенін көріп отырмыз. Трамп өзінің қайта президент болатынына күннен-күнге сене түскендей. Десек те, сыртқы геосаяси жағдайлар да америкалықтардың таңдауына әсер ететіні тағы бар. Яғни америкалықтар қазіргідей күрделі жаһандық жағдайда ішкі мәселелерге баса назар аудара ма, әлде жаһандық мәселелерді маңыздырақ деп таба ма? Міне, осының өзі де жеңімпазды анықтаудың басты критерийінде тұра-ры сөзсіз.

Екі тарап жеңісінің
ықтимал әсерлері

Егер Трамптың қазіргі басымдылығына қарамастан демократтар сайлауда жеңіп шықса не болмақ? Онда Ақудің қазіргі ішкі-сыртқы саясаты өз жалғасын табады. Сыртқы саясатта Украина мен НАТО бағытындағы қазіргі үрдіс жалғаса бермек. Демократтардың жеңісі Құрама Штаттарды әлі де байсалды ойынға қарай тартады, державаның бұл ұстанымы қазіргі халықаралық шиеленістердің болжау-

сыздығын жалғастыра береді. Былайша айтқанда, қазіргі халықаралық жағдай әлі де біраз жылдарға созыла түспек.

Бұл Украина жағдайына да қатысты. Джо Байден Украинаны қолдау ұстанымын батыл жалғастырушы президент екені мәлім. Бірақ бұл қолдаулар ұдайы кедергілерден өтіп отыруына тура келді. Кейде біршама уақыт қаржылық және қару-жарақ жағындағы қолдаулар үзіліп қалып отырды. Бұның бәрі Украинадағы соғыстың нәтижесіз, болжаусыз күйде созыла беруіне өз әсерін тигізіп келеді. Былайша айтқанда, толық әрі қарқынды қолдау арқылы Украинаны басымдыққа шығармайды немесе қолдауды тоқтатып Ресейге жеңіс беріп те кетпейді. Нәтижесінде бұл өзге елдер мен аймақтардағы геосаяси үрдістерге әсер етіп, державалар бірін-бірі аңдып, орта-шағын елдер оларды бағып отыратын қазіргі картинаны қалыптастырды.

АҚШ үкіметін демократтар билеген кезде ұдайы осындай тәсілдер арқылы өздерінің стратегиялық қарсыластарының шыдамын тауысатыны бар. Бұл дегеніміз, АҚШ – Қытай, АҚШ – Ресей қарым-қатынастарының тіпті де ұзаққа созылатын шиеленісін көрсетеді. Орта – шағын елдер тұрғысынан осындай үрдістің ұзаққа созылуы белгілі деңгейде уақыт пен мүмкіндік берсе, енді бір қырынан көпжақты сыртқы саясатты сақтап тұрудағы ерік-жігерді де мұқалтады.

Трамп алдыңғы өкілетті кезеңінде өзінің кескін әрекеттерімен танылды. Мысал көп: Мексика шекарасына қорған соғу; Қытаймен сауда соғысына кіру; Иранмен ядролық келісімнен шығып кету; Солтүстік Кореямен ашық келіссөздерге өту. Тұрасында мұндай тосын қадамдар әлем елдерін алаңдатады. Бірақ оның тиімді тұстары да бар, яғни үрдісті тездетеді. АҚШ пен Қытай арасында 30 жылдан аса уақытқа созылған белгісіздік, астыртын бәсеке Трамп тұсында ашыққа шықты. Әрі Трамп тұсында жаңа стратегия дайындалып, Қытайды өзінің басты стратегиялық қарсыластарының қатарына қосты. Әрі сол тұста АҚШ Орта Шығыстағы стратегиясын да жаңартып, Ауғанстан мен Сирия, Ирак жерлерінен әс-

керін шегіндірді. Басты назарды Үнді-Тынық мұхитына қарай бұрды.

Егер алдағы сайлауда Трамп жеңіске жетсе, біз осы бағыттардағы сыртқы саясаттың жандана түсетінін болжай аламыз. Әсіресе, АҚШ – Қытай қарым-қатынасы қақтығыс қаупіне дейін жақындап, содан кейін ғана келісім жолдарын іздеуге өтуі мүмкін. Ал Украина мәселесінде Трамптың жеңісі келіссөздерді жақындатуы бек мүмкін. Әрине, келіссөздер қай тарапқа тиімді жағдайда болатыны болжаусыз, сөйтсе де Трамп өзінің НАТО мен ЕО-дағы одақтас серіктестерін сынап-мінеуді қайталайды. Бұл Вашингтонның Еуропамен болған қарым-қатынасын салқындатып, ЕО елдері Украина мәселесінде өзге шығар жолдар іздей бастауы ғажап емес.

C5+1 форматы қайта
жандануы мүмкін

Түпкі ойын астарлап айтатын, әрі болжау қиын демократтарға қарағанда айтарын айтып тастап қарап отыратын Трамп үкіметімен жұмыс істеу жеңілірек. Әйтсе де, оның да сын-қатері жетерлік. Джо Байден Орта Азия елдерінің лидерлерімен басын қосқан алғашқы АҚШ президенті болғанымен, C5+1 форматы Трамп кезінде жанданған. Әрі Трамп кезінде Қазақстан – АҚШ арасындағы сауда көлемі 40 пайызға, елімізге кірген америкалық инвестиция көлемі дерлік екі есеге өскені бар. Демократтардан кейін қайталай билікке келіп жатса C5+1 форматы тіпті де жандана түсуі мүмкін. Алайда, бұл жолы мол геосаяси қатерімен қоса келуі де ғажап емес. Себебі, Трамптың Ақудіге оралуы кейбір геосаяси үрдістердің қарқынын арттырып жібереді. Соның ішінде біздің аймақ үшін державалардың бәсекесі де бар. Вашингтонның аймақтағы іс-қимылына қарата Бейжің мен Мәскеудің жауабы аймақ үшін үлкен қолайсыздықтарды ала келуі әбден мүмкін.

Естай
БОЖАН,
сарапшы.



КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК

Өткен аптада Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының қолдауымен, Шығармашылық бастамалар және мәдени мұра қоғамдық қоры және «AUDOO.QZ» ЖШС бірлесіп, «Зияткерлік меншік – шығармашылық экономиканың негізі. ІР ЖОҚ – ЭКОНОМИКА ЖОҚ» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өткізді.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

құқықтарды қорғау бойынша атқарылған жұмыстар туралы мәлімдеді.

«Біздің міндетіміз – шығармашылық жетістіктерді қорғау ғана емес, сонымен қатар олардың әлемдік аренаға сәтті енуі үшін жағдай жасау. Бұл үшін құқықтық реттеудің заманауи тәсілдері, инновациялық білім берудің бағдарламалары және жаһандық серіктестердің өзара белсенді әрекеттесуі қажет. Тек осылай ғана біз шығармашылық индустрияның тұрақты дамуын қамтамасыз ете аламыз. Шығармашылық бастамалар және мәдени мұра қоғамдық қорымен бірлесіп, зияткерлік меншіктің цифрлық қорғау саласындағы білімді тереңдету үшін білім беру бағдарламалары мен тренингтер енгізуді жоспарлап отырмыз», – деді Әлішер Сатыбалдиев.

«Дөңгелек үстел» барысында «AUDOO.QZ» қазақстандық компаниясы қызметтерінің тұсаукесері өтті. Бұл компания шығармашылық құқықтарды тіркеу, қауіпсіздік, қорғау және монетизациялау шешімдері, сондай-ақ шығармашылық экономика жөніндегі білім беру ресурстарын ұсынады.

«Жеңілпаз – ол адамды данышпандықпен ойлап табылған жаңа идеялар мен әзірлемелерді енгізіп, экономиканы заманауи технологиялық деңгейге шығаратын адам. Тұтастай алғанда, ІР және материалдық емес активтер саласы мемлекеттік экономикалық бағдарламалар мен халықаралық инвестициялық бизнес үшін басымдыққа айналды, өйткені ол барынша пайда алуға және бұрын-соңды болмаған әлеуметтік әсерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. S&P 500 индексіне сәйкес, 2020 жылдың өзінде компаниялардың жалпы нарықтық құнындағы материалдық емес активтердің үлесі 90%-ды құрады. Әлемдік тәжірибе ІР монетизациясының ұлттық тұжырымдамасынсыз креативті экономиканың болмайтынын растайды», – деп атап өтті «AUDOO.QZ» бас директоры Эльнора Айтқалиева.

Соңғы жылдары Алматы креативті индустрияның орталығына айналып отыр. Бұл сала кәсіпкерлер мен талантты жастарды көбірек тартып, авторлық құқық пен зияткерлік меншікті қорғау саласында сапалы білім беруді қажет етеді.

«Дөңгелек үстел» барысында қатысушылар мегаполистің жасампаз экономикасының өсуі мен өркендеуіне тек бірлескен күш-жігер арқылы ғана қолайлы жағдай жасауға болатыны туралы ортақ пікірге келді. Жаңа технологияларды енгізуге және инновациялар мәдениетін дамытуға белсенді көзқарас Қазақстанға жаһандық инновациялық аренада негізгі орындарды иеленуге мүмкіндік береді.

ҚАУІПСІЗДІК



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЖҮРГІЗУШІ АБАЙ БОЛ...

Жол – қателікті кешірмейді!

Алып шаһарымызда көлік саны күн санап артуда. Темір тұлпарды тізгіндеген жүргізушіге үлкен жауапкершілік беріледі. Жол ережесін бұзған жағдайда өзіңе ғана емес, айналаңа зиян тигізуің мүмкін. Алды-артың ойламайтын жүргізушілердің кесірінен жазықсыз адамдар жапа шегіп жатады.



Ернұр
РЫСБАЙ

Қазіргі уақытта Алматы қаласына 1 миллионға жуық көлік кіріп-шығады. Сонымен қатар, мопедтер, скутерлер және самокаттар бар. Соңғы уақытта қоғамда қызу талқыға түсіп жатқан дәл осы екі дөңгелектің жүргізушілері. Көліктердің арасынан зулап өтеді. Көбіне ондай техникаларды тізгіндеушілер кәмілет жасына толмаған жасөспірімдер. Олар жол ережесіне салғырт қарайды. Тіпті, білмейді десек те артық емес. Екі дөңгелекті көлік құралдарының қатысуымен жол-көлік оқиғалары жиілеп кетті. Көбіне арты қайғыға әкелуде. Осы орайда Алматыда жол-көлік оқиғаларының алдын алуға, олардың зардаптарының ауырлығын азайтуға, жол қозғалысы ережелерін бұзу туралы деректерді анықтау және жолын кесуге бағытталған «Құқықтық тәртіп» жалпыреспубликалық жедел-алдын алу ішарасының үшінші кезеңі жалғасуда.

«Ішкі істер министрлігі қабылдаған шаралар самокаттарды пайдалану жағдайын бірішама тұрақтандыруға мүмкіндік береді: жас шектеулері белгіленді, қорғаныс құралдарын міндетті түрде пайдалануға және жолаушыларды тасымалдауға талаптар қойылды. Алайда, қайғылы оқиғалар

жалғасуда. Статистика негізді алаңдаушылықты тудырады. Самокат пайдаланушылары – жол қозғалысына қатысушылардың осал санаттарының бірі болып табылады. Жыл басынан бері самокаттар мен мопедтердің қатысуымен 463 жол-көлік оқиғасы орын алып, нәтижесінде 500 адам жарақат алды, 7 адам қаза тапты. 68 жағдайда екі дөңгелекті көлікті балалар жүргізген», – деді Алматы қалалық ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы, полиция полковнигі Серік Шумаев.

Кейбір көлік жүргізушілерінің айтуынша, жолдың сапасы көлік апаттарына себеп болады. Орташа жылдамдықпен келе жатқан көлік жолдың ойығынан қашу үшін жанындағы көлікке апаттық жағдай жасайды.

«Жолдың сапасы жол апаттарына тікелей себеп. Жолдағы ойық-шұңқырлардан айналып өтеміз деп, айыппұл төлеп жатамыз. Бұл бір жағынан өте орынсыз. Сонда бізде таңдау болады. Көлікті жөндеу немесе айыппұл төлеу. Сонымен қатар, дәл сол жолдың нашарлығынан бірнеше рет көлік қақтығысына түстім. Ойықтан айналып өтіп жатқанда, жанымдағы көлікті сырып алдым. Ереже бойынша менікі дұрыс емес. Алайда, мен де әдейі жасамадым. Мысалы, жоғарғы жылдамдықпен келе жатып ойықтың кесірін дөңгелегің жарылса, қалай рөлге ие боламыз. Өзіме ғана емес, өзгеге де зияным тиеді ғой. Сондықтан жолдың сапасы жақсарса, жол апаты да азаяр еді деп ойлаймын», – деді жүргізуші Санжар Серғазы.

Көлік қақтығыстарына әртүрлі факторлар себеп болып жатады. Алайда, жүргізуші өзіне жүктелген жауапкершілікті сезінуі міндет. Жол – қателікті кешірмейтінін ескерсек өзгенің өміріне немқұрайлы қарауға болмайды.

Тоқтамайсың тигенше тасқа басың, Жылдамдықты асырып мақтанасың. Осы өмірде мінген көлігіңіз, Арғы дүниеге апарып тастамасын. Үйде отбасыңыз күтіп отырғанын ұмытпаңыз!

ЭКОЛОГИЯ

ҚАЛДЫҚТАР КӨБІРЕК ӨНДЕЛЕДІ

Әрбір тұрғын оларды сұрыптауға белсене атсалысса дейміз

Алматы қаласында креативті ЭКО-хабта ашық есік күні өтті. Науқан нәтижесінде қоғамдық санада экологиялық жағдайды жақсартуға деген игі ниет жандана түсті.

Сонымен қатар, акцияға әртүрлі саладағы кәсіп иелері өз үлестерін тигізуге ниетті екендіктерін жеткізді. Өйткені, бұл саладағы жасалып жатқан игі істер көп үлгі болатыны айтылды.

– Экоакция өтетінін естіп келдік. Өзімізбен бірге әртүрлі өнімдерден босаған қалдықтар әкелдік. Соның ішінде пластикалық заттар, құты, қолданылған қағаз өнімдері және т.б. қалдықтар жиналған. Негізгі мүдде біреу, яғни таза қоршаған ортаны қалыптастыру. Әрбір тұрғын осындай оймен қалдықтарды сұрыптауға атсалысса дейміз. Сонда айналамыз мұнтаздай тап-таза болар еді, – деді кәсіпкер Елена Смирнова.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

Бұған бірқатар бизнес өкілдері, эконоуқанға бей-жай қарамайтын жандар, еріктілер, қала тұрғындары және т.б. қатысты. Іс-шараның мақсаты – таза әрі қалдықты кәдеге жарата білудің тиімді идеяларын ортаға салып бөлісу және іске асыру.

– Жыл өткен сайын экологиялық ахуалды жақсарту маңызды болып саналады. Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар баршылық. Дегенмен, әрбір отандастың бұған белсене атсалысуы маңызды саналады.



2024: жартыжылдық қорытынды

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА

және цифрлық трансформация

2024 жылдың бірінші жартысында еліміздің Әділет министрлігі ұлттық заңнаманы дамытуға, азаматтар құқығын қорғауға, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді цифрландыру мен автоматтандыруға арналған тағы басқа қандай бағыттар бойынша жұмыс жүргізді?



ҚР Әділет министрлігі ұлттық заңнаманы қалыптастыру аясында жүзден астам заң жобаларына құқықтық сараптама және сүйемелдеу жүргізген. Президент тапсырмасын іске асыру мақсатында 2 маңызды заң жобасын әзірледі. Аталған заңдар зияткерлік

меншік құқықтарын сақтау және қорғауды қамтамасыз ету үшін қосымша құқықтық құралдарды енгізуге, зияткерлік меншікті дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға, Қазақстан Республикасына инвестиция тартуға және креативті экономиканы дамытуға ықпал етпек.

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

102 ЗАҢ ЖОБАСЫНА ЗАҢ САРАПТАМАСЫ МЕН ҚОЛДАУ ЖҮРГІЗІЛДІ, ОНЫҢ 20-СЫНА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚОЛ ҚОЙДЫ.

ОЛАРДЫҢ НЕГІЗГІЛЕРІ:

- ОРГАНИКАЛЫҚ ӨНІМ ӨНДІРІСІ ЖӘНЕ АЙНАЛЫМЫ ТУРАЛЫ
- ӘЙЕЛДЕР ҚҰҚЫҒЫ МЕН БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
- ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫН ПАЙДАЛАНУДЫ ҚОЛДАУ
- ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША
- ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША
- БИЗНЕС ЖҮРГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ЖӘНЕ Т. Б.

DIGITAL JUSTICE БАҒДАРЛАМАСЫ

ЖОБА	АРТЫҚШЫЛЫҒЫ
«Робот» пилоттық жобасы — сот орындаушысының қатысуынсыз атқарушы өндірісті іске қосады	Комиссия төлеуден босатады және азаматтарға 2 млрд теңге үнемдеуге мүмкіндік береді
КЕУ-ны «Электронды үкімет» порталында тіркеу	Заңды тұлғалар ХҚКО-ға бармай-ақ басшыны ауыстыру рәсімдері жасалады
eGovMobile Business арқылы онлайн сенімхаттар беру	Басшылардың сенімхат беру процесін жеделдетеді әрі жеңілдетеді
«Бірыңғай хабарлама нүктесі»	Іс туралы, нотариус немесе сот орындаушысы туралы 1414/eGov-mobile хабарламалары

Сонымен қатар, нормативтік құқықтық актілерді (НҚА) мемлекеттік тіркеу кезінде бюрократияны жою шаралары қабылдануда. Мемлекеттік органдардың заң қызметтерінің сапасы мен құзыретін арттыру жөніндегі шаралар кешені іске асырылуда.

Министрлік әзірленіп жатқан және қабылданған нормативтік құқықтық актілерді түсіндіру жұмыстарын күшейту аясында халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және азаматтарға тегін заңгерлік көмек көрсету мақсатында «Халық заңгері» республикалық акциясын ұйымдастырған. Оған 1,5 мыңға жуық заңгер маман қатысып, 150 мыңнан астам азаматқа көмек көрсетілген.

Мемлекет мүддесін қорғау бойынша 20 іс жүргізу жұмысы жалғасуда, оның ішінде 13-і – халықаралық төрелікте, 4-еуі – шетелдік соттарда және 3-еуі – сотқа дейінгі талқылауларда.

Құқықтық тетіктерді жетілдіруге және креативті экономикаға инвестиция тартуға бағытталған «Зияткерлік меншік мәселелері бойынша заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы әзірленді. Тауар таңбаларын тіркеуді жеделдету, көру қабілеті бұзылған адамдарға жағдайды жақсарту және басқа да шаралар енгізілді.

Мемлекеттік қызметтер: цифрландыру мен автоматтандыру: бұл бағыт бойынша Digital Justice («Цифрлық әділет») бағдарламасы аясында атқарушылық іс жүргізуді автоматтандыру және заңды тұлғаларды тіркеу жобалары іске асырылған.

Биылғы қаңтар айында Тараз қаласында сот орындаушысының қатысуынсыз автоматты түрде

атқарушылық іс жүргізе алатын «Робот» пилоттық жобасы іске қосылды. Бұл азаматтарды комиссия төлеуден босатып, 2 млрд теңгеге жуық қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді. Тамыз айында жобаны бүкіл ел бойынша тарату жоспарланып отыр.

Заңды тұлғаларды тіркеуді автоматтандыру бағдарына келсек, енді коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу – «Электронды үкімет» порталында толық қолжетімді. Бұл бастама халыққа қызмет көрсету орталығына келетін заңды тұлғалардың уақыты мен шығынын үнемдеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, eGov порталында құрылтайшылардың заңды тұлға басшысын ауыстыру тәртібі жеңілдетілген.

Заңды тұлғаларға арналған цифрлық сенімхат. Еліміздің Әділет министрлігі eGovMobile Business арқылы онлайн сенімхаттар беру жобасын іске қосты. Қызмет басшылардың сенімхат беру процесін едәуір жеделдетеді әрі жеңілдетеді. Бұған дейін сенімхаттар тек қағаз жүзінде ғана берілетін, бұл уақытты қажет етіп, олардың заңдылығын тексеруді қиындататын еді.

Бірыңғай хабарлама нүктесі. Алаяқтықпен күресу үшін 1414-тен SMS және EGov-mobile push-хабарламалары арқылы азаматтарды хабардар ететін пилоттық жоба іске қосылды. Бұрын хабарламалар пошта арқылы жіберілсе, енді сенімді электронды арналар арқылы келеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: Primeminister.kz).



2024: жартыжылдық қорытынды

ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ

Биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында туризмге салынған инвестиция екі есеге артып, 390 млрд теңгеден асты, ішкі туризмді ынталандыруға мемлекеттік қолдау бар. Спорттық инфрақұрылымды жақсарту еліміздегі физикалық белсенділікке қызығушылықтың артуына ықпал етеді.

Алты айдың қорытындысы бойынша туризм саласындағы негізгі капиталға инвестициялардың оң серпіні байқалады. Туризмді дамытуда мемлекеттік қолдау шеңберінде бірқатар жобалар мақұлданды. Туроператорлардың өтінімдері негізінде келу туризмі саласындағы шығындар субсидияланады. Kids Go Free (Қазақстан аумағында кәмелетке толмаған жолаушыларды әуе тасымалы кезінде туристік өнімге енгізілген билеттің құнын субсидиялау) бағдары бойынша 1 шілдеге 28,2 млн теңге сомасына 518 балаға 223 өтінім мақұлданды.

Сондай-ақ, туристік қызмет нысандарын салу, реконструкциялау кезінде шығынның бір бөлігі өтеледі. Жол бойындағы сервис нысандарын салу бойынша шығынның бір бөлігі де өтеледі. Кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру үшін биыл қонақүй саласы үшін жеңілдетілген несиелеу мерзімі 7 жылдан 10 жылға дейін ұлғайтылды. Осы тетік бойынша алты өңірде халықаралық франшизасы бар қонақүйлер салу жоспарлануда. Ақтөбе мен Павлодар қалаларында оларды іске асыру басталып кетті.



Ойын бизнесі мен лотерея мәселелерін реттеу аясында 6 Кодекс пен 15 Заңға 100-ден астам түзету енгізілді. 2024–2026 жылдарға арналған заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияға қарсы іс-қимылдың кешенді жоспары дайындалды. Қонаев қаласында ойын бизнесі субъектілеріне жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізілді. Нәтижесінде 1 букмекерлік кеңсе лицензиядан айырылды, 4 букмекерлік кеңсеге, 2 ойын автоматтары залына және лотерея операторына айыппұл салынды.

Қазақстанда алғаш рет әлеуметтік желілердегі заңсыз лотереяларға қарсы күрес жұмысы басталды. Заңнамаға сәйкес лотереяларды өткізуге айрықша құқық лотерея операторы мен оның агенттеріне тиесілі.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША

- 14 спорт клубы
- 13 спорт мектебі жұмыс істейді
- Жыл сайын 1 мыңнан астам жарыс өткізіледі

ХАЛЫҚТЫ СПОРТПЕН ҚАМТУ КӨРСЕТКІШІ 8 МЛН АДАМНАН АСАДЫ

- Жыл сайын 25 мыңнан астам спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізіледі
- Қамту көрсеткіші 1,2 млн адам

250 МЫҢНАН АСТАМ БАЛАНЫ СЕКЦИЯЛАРМЕН ҚАМТУ ҮШІН 43,9 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

ТУРИСТІК САЛАНЫ ДАМУ

Инвестиция екі есеге артып, 390 млрд теңгені құрады

399,8 млрд теңге сомасына 61 инфрақұрылым жобасы іске асырылуда

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАРДЫ СУБСИДИЯЛАУ МАҚҰЛДАНДЫ:

- Келу туризмі саласы**
- KidsGoFree** (кәмелетке толмағандар билетінің құны)
- Туристік қызмет нысандарын салу, реконструкциялау кезінде**
- Жол бойындағы сервис объектілерін салу бойынша**

ҚОНАҚ ҮЙЛЕРГЕ ЖЕҢІЛДІКПЕН ЕСИЕ БЕРУ МЕРЗІМІ 7 ЖЫЛДАН 10 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ҰЗАРТЫЛДЫ

2024 жылы India Today нұсқасы бойынша Қазақстан «Үнді саяхатшылары үшін жетекші бағыт» атанды. Алматы The New York Times нұсқасы бойынша ТОП-52 туристік бағыттың қатарына енді, ал «Шымбұлақ» тау курорты Conde Nast Traveller Italia нұсқасы бойынша үздік 5 тау шаңғысы орны тізіліміне енгізілді. Сондай-ақ, Қазақстан Green Destinations Top 100 Story Awards салтанатында тұрақты дамуы үшін берілетін марапатқа ие болды.

Ойын бизнесі мен лотерея мәселелерін реттеу аясында 6 Кодекс пен 15 Заңға 100-ден астам түзету енгізілді. 2024–2026 жылдарға арналған заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияға қарсы іс-қимылдың кешенді жоспары дайындалды. Қонаев қаласында ойын бизнесі субъектілеріне жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізілді. Нәтижесінде 1 букмекерлік кеңсе лицензиядан айырылды, 4 букмекерлік кеңсеге, 2 ойын автоматтары залына және лотерея операторына айыппұл салынды.

Қазақстанда алғаш рет әлеуметтік желілердегі заңсыз лотереяларға қарсы күрес жұмысы басталды.

ОЙЫН БИЗНЕСІ МЕН ЛОТЕРЕЯНЫ РЕТТЕУ

6 КОДЕКС ПЕН 15 ЗАҢҒА 100-ДЕН АСТАМ ТҮЗЕТУ ЕНГІЗІЛДІ

ЗАҢСЫЗ ОЙЫН БИЗНЕСІ МЕН ЛУДОМАНИЯҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ ДАЙЫНДАЛДЫ

Құмар ойындар мен бәс тігуден өз еркімен шектеу бойынша онлайн-қызмет іске қосылды

«eGov mobile» мобильді қосымшасы арқылы қызметті 143 мың азамат пайдаланды

Заңнамаға сәйкес лотереяларды өткізуге айрықша құқық лотерея операторы мен оның агенттеріне тиесілі.

2024 жылғы 18 наурызда пилоттық режимде Қазақстан азаматтары мен резиденттерін құмар ойындарға және бәс тігуге қатысудан өз еркімен шектеу жөніндегі онлайн-қызмет іске қосылды. Жазбаша шектеуді «eGov mobile» мобильді қосымшасы арқылы және қағаз түрінде беруге болады.

Бүгінгі таңда «eGov mobile» мобильді қосымшасы арқылы қызметті Қазақстанның 143 мың азаматы пайдаланған

Министрлік «Дене шынықтыру және спорт туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын әзірледі, қазір ол Мәжілістің қарауында. Заң жобасы спорттың әр түрін басымдықпен қаржыландыруды, спорт түрлері бойынша федерацияларды аккредиттеуді және сабақтар үшін ең төменгі жасты қарастырады. Спортшыларды сапалы даярлау үшін бюджет қаражатын қайта бөлуге мүмкіндік берген олимпиадалық және басым спорт түрлеріне баса назар аударылғанын атап өткен жөн.

Биылғы маңызды оқиға – 2024 жылғы 8–13 қыркүйек аралығында Астана қаласында өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары. Ойындарға жалпы саны 2 мыңға жуық адамнан тұратын 100-ге жуық елдің делегациясы қатысады. Ойындарды өткізу үшін жаңа құрылыстар салынбай-ақ қолданыстағы инфрақұрылым пайдаланылатын болады, оған елорданың 7 нысаны тартылған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: Primeminister.kz).

АЛМАТЫНЫҢ ТЕАТРЛАРЫ ДЕМАЛЫСҚА КЕТТІ

Алматының театр артистері маусымды сәтті аяқтап, демалысқа шықты. Мәдени астанада өнерсүйер қауым үшін 3000-ға жуық спектакль сахналанған, оның 52-сі премьеры.



Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Алматыда драмалық, опералық және балеттік қойылымдарға 700 мыңнан астам көрермен келген. Бұл қала әкімдігіне, сондай-ақ Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты он мемлекеттік театрдың көрсеткіші.

Айта кетейік, Мемлекеттік қуыршақ театры 88-ші маусымында көрермендерге 1200 спектакль ұсынып, 82 мыңнан астам көрермен қабылдаған. Театр ұжымы Канада астанасында The First international Ottawa Puppet festival халықаралық фестивалдің бас жүлдесін жеңіп алып, маусымды үлкен жеңіспен аяқтады. Айта кетейік, биыл әкімдік 10 жылда алғаш рет театр ғимаратын жаңғыртып, жөндеу жұмыстарын жүргізді. Келесі маусымда өнер ұжымы 90 жылдық мерейтоын атап өтеді.

Алматыдағы жас театрдың бірі – «Ала-

тау» дәстүрлі өнер театры. Осы маусымда театр артистері көрермендерге 76 спектакль ұсынып, оны 53 200 адам көрген. Сонымен қатар, осы маусымда «Алатау» ДӨТ артистері Италия, Аустрия және Қытайда өнер көрсетті.

Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры осы маусымда ең көп көрермен жинады. Театр сахналаған қойылымдарды 130 мыңнан астам адам тамашалаған.

Республикалық мемлекеттік академиялық корей театры биыл премьерыға бай болды. Театр өз 92-ші маусымында көрермендерге 13 жаңа қойылым ұсынған.

Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының ұжымы 98-ші маусымда көрермендерге 199 спектакль ұсынған.

Жаңа театр маусымы дәстүрлі түрде қыркүйекте басталады. Сол уақытқа дейін артистер тың күш жинап, режиссерлер жаңа қойылымдар жоспарлайтын болады.

Жеңімпаздар жүлдемен оралды

Алматылық оқушылар Қытайда өткен робототехникадан халықаралық чемпионатта жүлделі орындарды иеленді.



Рая
ЕСКЕНДІР

Гуанчжоуда робототехника бойынша China FTC Guangzhou Offseason Event халықаралық чемпионаты өтіп, оған 200-ден астам оқушы қатысты. Айтулы додаға Қазақстаннан қатысқан екі команда да үздік нәтиже көрсетті. Аталмыш жарыс көрігін қыздырған Алматы қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің «PID» командасы Motivate Award сыйлығын жеңіп алды. Команда құрамында 10 және 12-сынып оқушылары – Асылбек Қаныбекұлы, Қанат Парпиов, Нұрқасым Хафиз, Арсен Омаров, Арлан Қосан, Аянат Тұматова, Айсулу Қыдыралықызы, Әли Елтай, Мирас Бекетбай және Олжас Аманкелдин болды. Сондай-ақ, Білім-Инновация лицейінің «Queue» командасы Perseverance Award сыйлығымен марапатталды. Бұл коман-

да құрамында болған 10 және 11-сынып оқушыларынан – Аскер Ерсай, Ерталап Әділхан, Ерсұлтан Мәліс, Манас Есенұлы және Алдияр Ихсанов өнер көрсетті.

– Екі қазақстандық команданың да үздік жетістіктері олардың халықаралық аренада бәсекеге түсуге дайын екенін көрсетеді. Біздің оқушылар чемпионаттың екі күнінде де алдыңғы қатарда болды, – дейді Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы дарыны» орталығының директоры Гүлнұр Кәрімғажы.

Аталмыш екі команда да Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен USTEM Foundation қоғамдық қорымен «Дарын» РҒПО ұйымдастырған Central AsiaFIRST Championship Орталық Азия чемпионаты барысында Қытай чемпионатына жолдама алған еді. Оқушыларымыздың чемпионаттағы жеңісі олардың әлемдік жоғары оқу орындарына түсу үшін грантқа ие болуына мүмкіндік береді.

Мегаполисте Халықаралық жастар күніне орай бірқатар арнайы акциялар жоспарланған. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы басшысының міндетін атқарушы Азиз Қажденбек мәлімдеді.

ЖАСТАР ЖАРҚЫРАЙТЫН КҮН



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы – жастар қаласы, мұнда 14 пен 35 жас аралығындағы 695,6 мың жас тұрады.

«1999 жылдан бастап бүкіл әлемде 12 тамызда Халықаралық жастар күні атап өтіледі. Бұл – жастарға, олардың жетістіктері мен әлеуетіне арналған ерекше күн. Біз қарқынды өзгерістер мен жаһандық сын-қатерлер дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Жастар батылдық пен шығармашылықтың үлгісін көрсете отырып, осы процестердің алдыңғы қатарында жүр. Біздің міндетіміз – сапалы білім алуға, денсаулық сақтауға және жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, олардың дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау», – деді Азиз Қажденбек.

Бұл күні қала кәсіпкерлерімен бірлесіп 14 пен 35 жас аралығындағы жастарға арналған «Jas Almaty» ауқымды акциясын өткізу жоспарлануда, оның шеңберінде қоғамдық тамақтану, пайдалы демалыс саласында жеңілдіктер жасалады.

3-12 тамыз аралығында «Taza Qazaqstan», «Jas kelse – iske!» сияқты 10 бағыт бойынша 60-тан астам спорттық, мәдени және зияткерлік іс-шаралар өтеді. «Densaulyk – zor bailyk», «Gylym tappaı maqtanba», «Meyirimdilik mekeni», «Adal Azamat», «Enbek barin de jenbek», «Ystyq qairat. Nurly aqyl. Jyly jurek», «Qorgan-24», «Jasratmen birge» жастар арасында шығармашылық әлеует пен салауатты өмір салтын дамытуға ықпал етеді.

Іс-шараларға жастар қозғалысының өкілдері, қоғамдық пікір көшбасшылары, жас блогерлер мен қазақстандық шоу-бизнес жұлдыздары қатысады.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА



Күйшіге құрмет

Алматы қалалық әкімдігінің қолдауымен қазақтың дәстүрлі өнерінің өркендеуіне зор үлес қосқан күйші, домбырашы Қазақстанның Халық әртісі Рүстембек Омаров тұрған «Ақсай-3», №7 үйдің қасбетіне мемориалдық тақта орнатылды. Ескерткіш-тақтаның ашылу салтанатына қалалық Мәдениет басқармасының өкілдері, танымал өнер иелері мен күйшінің туған-туыстары қатысты.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Рая
ЕСКЕНДІР

Алғашқы сөз кезегін қалалық Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Арман Халбеков пен Павлодар облысы, Аққулы ауданы мәслихат төрағасының хатшысы Алма Қасымова алып, күйшінің өмір жолына, қазақ өнеріне сіңірген зор еңбегіне айрықша тоқталды. Келесі кезекте дәулескер күйшінің өнердегі шәкірттері, көзкөргендер сөз алды. Танымал күйшінің есімі жаңғырып, елі есіне алып жатқанына қуанды. Келер ұрпақ ұмытпаса екен деген тілектерін жеткізді.

Рүстембек Омаров 1919 жылы 7 қыркүйек күні Павлодар облысы, Лебяжі ауданы (қазіргі Аққулы), Шарбақты ауылында дүниеге келген. Жастайынан домбыра тартуды әкесінен үйренеді. Бойында өнерге деген қызығушылығы басым Рүстембек осы өңірге танымал Салық, Токбай, Темірболат сынды әнші-жыршылармен бірге жүріп, 15 жасқа толар-толмай Ахмет Жұбановпен танысады. Осылайша бозбала жаңадан құрылып жатқан қазақ ұлт аспаптары оркестрінің құрамына алғашқы домбырашылардың бірі болып қабылданған еді. Өзінің шеберлігін жетілдіріп, Дина мен Оқап Қабиғожиннан Құрманғазы күйлерін, Қали Жантілеуовтен Мәменнің күйлерін үйренеді.

Басқа да көптеген ұстаздардан сабақ алды.

Р.Омаров Ахмет Жұбановтың жетекшілігімен құрылған халық аспаптары оркестрінде домбырашы, кейін домбыра тобының концертмейстері, жеке домбырашы қызметін атқарды. Ол 1937–1939 жылдары қазіргі Санкт-Петербург қаласындағы музыкалық училищеде, 1946 жылы Алматы консерваториясында оқыды. Шығармашылық жолында ұстаз ретінде консерваторияда, домбырашы ретінде Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестрінде қызмет етті. Елімізге танымал көптеген күйші-домбырашыны тәрбиеледі.

Ахмет Жұбановтың күйшінің орындау мәнерін өте жоғары бағалап, өзінің «Ғасырлар пернесі» атты еңбегінде «Рүстембек күйді шегелеп, шапшаң, жай келетін буындарын бәрін де тастай түйіп, екпінін ауыстырмайтын. Орташа ұзындықтағы саусақтарымен бір нотаны жазса бастай, бәрін де өз орнында орындайтын», – деп жазғаны бар. Рүстембек Омаров қазақтың барлық өнерінің күйін меңгерген күйші. Ал Р.Омаровқа арнайы жазылған Ш.Шабельскийдің «Тойбастар» атты шығармасы әлі күнге шейін домбырашылардың репертуарынан түскен емес.

Ескерткіш-тақтаның ашылу салтанатынан кейін Қарлығаш Рүстембекқызы күйшінің әулеті атынан алғысын білдірді.

СПОРТТЫҚ БӘСЕКЕ

«YOUTH NOMADS»

Қалада базар жастары арасында
ұлттық спорттан жарыс өтті

Былырда бері дәстүрге айналған сайысқа қаладағы 40 базардың қызметкерлері қатысты. Қазақ күресі, қой көтеру, асық ату, арқан тартыс секілді ұлттық спорт түрлері дәріптелді. Көрермен үшін, әсіресе, қой көтеру жарысы ерекше әсер қалдырды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бұл жоба базар қызметкерлерін дене шынықтыру мен ұлттық спортқа тарту мақсатында ұйымдастырылды. Болашақта ұлт саулығы үшін қолға алынған мұндай жарыстарды жиі өткіземіз дейді ұйымдастырушылар.

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы ұйымдастырған спорттық бәсекенің қорытындысы бойынша жеңіске жеткен спортшыларға қаржылай сыйлықтар табысталды. Жарыстың жалпы жүлде қоры – 2 миллион 500 мың теңге.

Жарысқа қатысушылардың айтуынша, мұндай бәсекелер спортпен үнемі айналысуға мүмкіндік береді.

«Былыр жарысқа қазақша күрес бойынша қатысып, 2-орын алдым. Ал биыл ұйымдастырушылар қатарындамын. Базар жастарының көбінде спортқа деген қызығушылық жоғары. Биыл қатысушылардың да саны едәуір артқан.



Кәсіби емес, өзін секілді қарапайым қызметкерлердің арасында күшінді, бағынды сынап көруге таптырмас мүмкіндік деп ойлаймын. Оның үстіне, базарда қаншама өзге ұлт өкілдері жұмыс істейді. Жоба арқылы сол азаматтарға өзіміздің ұлттық спортымызды насихаттай аламыз», – дейді базар қызметкері Олжас Өмірғалиұлы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Азиз ҚАЖДЕНБЕК, Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы басшысының міндетін атқарушы:

БЫЛТЫР ҚАТЫСҚАН
ЖАСТАР ДА АТСАЛЫСТЫ

«YOUTH NOMADS» жобасы жастар арасында төл спортымызды дәріптеу мақсатында екі жыл қатарынан ұйымдастырылып отыр. Быыл жарыстың ашылуын «Rakhat» базарында өткізіп отырмыз.

Бұл жобаның тағы бір маңызды бағыты – жұмыссыз жүрген жастар мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңес ала алады. Алдыңғы жылы қаланың 20 базарында қызмет ететін 5 мыңнан астам азамат 5 спорт түрінен бақ сынады. Осы жылғы турнирлерді ұйымдастыруға былтыр қатысқан жастар да атсалысты. Сондықтан бұл жобаның ғұмыры ұзақ болады деп сенеміз.

САЛТАНАТТЫ РӘСІМ

ҰЛТТЫҚ ҰЛАНДА АЙБЫН БАР

Жас сарбаздар ант қабылдады

Әскери өмірдің айбыны саналатын Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы ел игілігі мен қоғамдық қауіпсіздік жолында 32 жыл қатарынан табанды түрде қызмет етіп келеді. Қуатты құрылымның қатары биыл да сарбаздармен толығып отыр.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматының қақ төрінен орын тепкен 5571 әскери бөліміне кеше ғана аяқ басқан жас сарбаздар ант қабылдады. Ұлттық ұланның генерал-майор Талапкер Әміреев басқаратын «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты 5571 әскери бөлімінің жас жауынгерлері маусымның басынан бері Жетіген елдімекенінде орналасқан 5574 әскери

бөлімінің оқу орталығында жас жауынгер курсынан өткен болатын. Оқу орталығының жұмысына 5571 әскери бөлімі командирінің орынбасары подполковник Нұрлан Сүгірәлиев басшылық жасады.

Ұлттық ұлан қатарына еліміздің барлық аймағынан, бір ай бұрын шақырылған 600-ге жуық сарбаз аз уақыттың ішінде әскери тәртіпке үйреніп, алғашқы дайындық кезеңінен өтті. Ұлттық ұланның міндеттерімен танысты. Әскерге іштей тас-түйін дайындықпен келген кешегі бозбала бүгін

сарбаз болып, Отанына адал қызмет етуге ант берді. Олардың қатарында шырайлы Шымкент шаһарынан келген жас сарбаз Димаш Бейбітов те болды. Теміржол саласындағы «Тасымалдауды ұйымдастыру» мамандығын меңгерген ол колледж бітіріп, диплом алған күні-ақ әскерге аттаныпты.

– Димаш – ұлдан көрген тұңғыш немерем болғандықтан, мен үшін оның амандық-саулығы, Отан алдында атқарған қызметі зор маңызға ие. Сондықтан да мен оның әскери ант қабылдау іс-шарасын көріп, көңіл маркайту үшін сонау Шымкенттен арнайы келдім, – дейді жас сарбаздарға батасын берген 60 жастағы ақсақал Бейбіт Арысбаев.

Салтанатты рәсімнен кейін жас жауынгерлер келген қонақтар мен ата-аналарға бір ай көлемінде үйренген жауынгерлік ұрыс, қарумен және қарусыз саптық тәсілдерді орындаудан көрініс көрсетті. Сондай-ақ, бөлімнің әскери оркестрінің әуелеген плац-концерті мен дефиле қойылымдары тамашаланды.

Әскери ант қабылдау іс-шарасы соңында жас жауынгерлерге ата-ана, туыстарымен бірге қала аралап, серуендеп қайту мүмкіндігі берілді. Әскери бөлім басшылығының шешімімен, жауынгерлер жоспар бойынша уақытылы қалаға шығып, белгіленген кезде әскери бөлімге қайта оралды.

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАЯНЫ

Қазақтың ән әлемінде жұлдыздай ағып өткен Мәдина Ералиеваның көзі тірі болғанда дәл бүгін 70 жасқа толар еді. Өзіне ғана тән күміс күлкісі, ашық мінезі бойына жарасқан Мәдина бұл күнді айрықша атап өтер ме еді!.. Әттең, ән-ғұмыр қысқа болды. Күрең күзде өзі жақсы көретін темір тұлпарымен жол көлік оқиғасына түсіп, мәңгілікке аттанды. Біз білетін, біз сүйетін қазақтың «Ақбаяны» басқаша еді. Ол тек күміс көмей әнші ғана емес, сұлулықтың да символы болды. Мәдинаның қаусар бұлақтай сұлу үні, киім киісі, жүрген жүрісі әлі күнге көз алдымызда.

Рая
ЕСКЕНДІР

Мәдина Есмалайқызы 1954 жылдың 2 тамызында Қызылорда облысы Қазалы ауданында дүниеге келген. Болашақ әнші 1974 жылы Қызылорда педагогика училищесінің музыка бөлімін, 1978 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының Музыка факультетін бітірген. Оқу ордасын тәмамдаған жас қыз 1978–1984 жылы Әдебиет және өнер институтында қызмет етті. Сосын өмірінің соңына дейін Алматы облысы филармониясының жетекші әншісі болды. Өнер әлемінде аз ғана ғұмыр кешсе де үлкен-үлкен белестерді бағындырды. Ол кез өнер иелеріне атақ алу да оңай болмайтын. Мәдина 1990 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атағын алды. Ал халқының Мәдинаға деген құрметі атақтан да зор болатын. Ардақты әншінің құрметіне өмірге келген қаншама қыз Мәдина атанды.

Мәдина Сарыарқаны әнге бөлеген Майра Уәлиқызының әншілік дәстүрін жалғастырған, сал-серінің сарқыты. Көмейіне бұлбұл құс ұя салған бекзат-болмысты әнші. Ол талай тағдырлы әншілердің бірегейі. Мәдинаның әкесі Сармалай мен анасы Дариға да өнерге жақын кісілер болды. Қыздары Мәдина ән салғанда ерекше қуанып отырушы еді. Оның болашағынан зор үміт күтетін. Қайсар мінезді қыздарының түбі бір жерді жарып шығатынына сенімді еді. Әттең, Мәдина Қызылордадағы педучилищеде оқып жүргенде анасы Дариға дүние салды. Ол кісінің алдында әкесі де о дүниелік болып кетті. Тағдыр Мәдинаны ерте есейтті. Анасы Дариғаның «Артыңнан ерген жалғыз бауырың Сағираға қамқор бол» деген бір ауыз сөзіне адал болды деседі. Қаршадай қыз тағдырдың салғанына көніп, ерте есейді. Кішкентай Сағирасын ертіп, Алматыдағы Жұбанов атындағы өнер мектебіне түсіруге әрекет етеді. Бірақ жолы болмай сіңлісі оқуға түсе алмайды. Сол кезде Мәдинаның өзі де бала, небары он алты-ақ жаста екен. Алғаш рет Мәдина 1980 жылы Манап Көкенов қатысқан Республикалық айтыста «Дедімай-ау» әнін айтып, көпшіліктің көңілінен шықты. Ұзақ қол соғып сахнадан жібермей қояды. Мәдинаның өнерін мойындап, ағалық қамқорлық жасаған ағаларының бірі, өнер иесі Әнуар Бекжанов Қырғыз жерінде болған ән байқауларына апарып, өзі баянмен сүйемелдеп қолдау көрсетеді. Сол кездегі Мәдениет министрі, белгілі қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің қазақ өнерімен қатар, Мәдинаға деген қамқорлығы да ерекше болды. Ол кісі Мәдинаны облыстық филармонияға қабылдап, арнайы «Адырна» ансамблін құрып, сахналық костюмдерінің эскиздеріне дейін өзі қадағаласа керек. Әншінің репертуарында халықтың «Толқыма», «Ақбаян», «Айқарақөз», Жамбылдың «Уғай-ай», қарақалпақтың «Бибігүл», «Қыз Жібек» операсынан «Толқыма», Садық Кәрімбаевтың «Жетісу» және тағы басқа әндері әлі күнге халықтың құлағында қалды. Қазақ әркез өзін «Орнында бар оңалар деп» жұбатады. Аққу үнді Мәдинаның да артында өнеріне тәнті халқы, сазды



да назды әні қалды. Апасын сағынып, еске алып отыратын Сағирасы, анасын аңсайтын ұлы Өрсені қалды. Шаңырағына шаттық орнап, Жанна есімді келіні өмірге немерелер әкелді. Күрең күзбен ғана емес, бүкіл тыңдарманымен қоштасқан Мәдина қазір Кеңсайда жатыр. Ғұмырының соңғы жылдарында «Күрең күз» әнін шырқаған дүлдүл әнші де, сөзін жазған ақиық ақын Мұқағали Мақатаев та, әнін жазған күйші, әнші-сазгер Гүлнар Дәукенова да бұл күні арамызда жоқ.

БАҒДАРЛАМА

АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ

әр баламен жеке жұмыс жасауды, әр балаға назар аударуды қажет етеді

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру жалпыға ортақ білім беру терминімен қатар аталады. Өйткені, инклюзивті білім беру – БҰҰ-ның бірқатар конвенциялары қолдайтын жаһандық қозғалысқа айналып отыр. Жалпы, «Инклюзия» термині мен инклюзивті білім беру принциптері 1994 жылы Саламанкадағы (Испания) ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру жөніндегі дүниежүзілік конференцияда Халықаралық қолданысқа енгізілген еді. Аталмыш «Баршаға арналған білім» халықаралық бағдарламасына Қазақстан да қосылды.



Алматы қаласында да инклюзивті білім беруді іске асыратын мектептер саны артып келеді. Қазіргі таңда қаламыздағы 185 мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту үшін оларға жан-жақты жағдай жасалған. Бұған қоса, ағымдағы оқу жылында тағы да қосымша 16 мектеп базасында инклюзивті білім беру қолға алынды. 185 мектепте ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша кабинеттер жұмыс істеп жатыр. Олардың 8-і аудандардың тірек мектептері болып табылады. Бұл мектептер ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін педагогтарға да әдістемелік тұрғыда көмек көрсетеді. Шаһарда «Білім берудегі жаңа технологиялардың қалалық ғылыми-әдістемелік орталығының» базасында инклюзивті ресурстық орталық (ИРО) ашылды. Сондай-ақ, инклюзивті білім беруді іске асыратын жалпы білім беретін мектептердің 600 педагогы біліктілігін арттыру үшін арнайы курстардан өтті.

Инклюзивті білім деген не?

Инклюзивті білім беру – дені сау балалар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды бірлесіп оқыту түрі. Яғни инклюзивті білім беру балалардың денсаулық жағдайына қарамастан

білім берудің барлық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтиды. Соңғы жылдары Қазақстанда да инклюзивті білім беруді жан-жақты дамыту қолға алынып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 26 маусымда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Осы Заң аясында қазіргі таңда еліміздегі мектепке дейінгі және орта мектептегі білім беру ұйымдары заң бойынша барлық балаларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қабылдауға тиіс.

Тең құқықтар мен тең мүмкіндіктер

Инклюзивті білім беру балалардың денсаулық жағдайына қарамастан білім берудің барлық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтиды. Мемлекет ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға олардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру жүйесі шегінде білім алу үшін жағдай жасауға міндетті.

Аталмыш Заңда осылай көрсетілген. Осы ретте мүмкіндігі шектеулі балалар үшін арнайы оқу бағдарламалары да әзірленді. Бүгінгі таңда Қазақстанда инклюзивті білім беруді қажет ететін 160 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі балалар бар. Өкініштісі, олардың тек 23%-ы ғана осындай білім беру процесіне қатысады екен. Дегенмен, қазіргі уақыт сұранысына сай болу үшін еліміздің білім беру саласы инклюзивті білім беруді енгізу кезіндегі қиындықтарды еңсеріп, кездескен проблемаларды, халықаралық тәжірибенің көмегі арқылы шешуге тырысып отыр. Бұл үшін шетелдік, қазақстандық мектептерде педагог-ассистент, тьютор сияқты лауазым енгізілді. Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, 2025 жылға қарай еліміздегі мектептердің, балабақшалардың 100%-ы және колледждер мен жоғары оқу орындарының 70%-ы инклюзивті білім беру үшін жағдай жасауға сақадай сай болуға тиіс.

Мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі

ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев инклюзивті білім беру жүйесін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін, сондықтан министрлік құрылымында арнайы және инклюзивті білім департаментінің ашылғаны туралы да айтқан еді. Жалпы, арнайы білім беру әр баламен жеке жұмыс жасауды, әр балаға назар аударуды қажет етеді. Осы мақсатта елімізде Ұлттық үздіксіз инклюзивті білім беру орталығын іске қосып, кадрларды даярлау және қайта даярлау мәселесі қарастырылды. Бұған қоса, еліміздегі педагогтар оқытатын жоғары оқу орындарының бағдарламаларына «инклюзивті білім беру» модулі қосылып, педагогтар үшін біліктілікті арттырудың курстары ашылды. Бұл шаралар мүмкіндігі шектеулі балаларға өздерін қоғамның толыққанды қатысушылары ретінде сезінуге, дамуға және айналасындағыларға пайдалы болуға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беруді дамыту – мүмкіндігі шектеулі балаларға ғана емес, бүкіл білім беру жүйесіне арналған білім беруді дамыту. Бұл барлығына тең құқықта және тең жағдайда білім алуға мүмкіндік береді. Сондықтан ерекшелігі бар балаларды қоғамнан бөлектемей, қолдан келгенше қолдаған дұрыс!

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ



ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ БАСТАЛДЫ

Алматының жылыту маусымына әзірлігі қалай?

Арасында жаңбырлатып алғаны болмаса, қазір Алматыда төбенді тесердей аптап ыстық болып тұр. Күн райын болжаушылар алдағы күндері бұдан да ыстық болады деп болжап отыр. Ал ауа райын табиғаттағы болып жататын құбылыстармен байланыстыра отырып болжайтын үлкендердің сөзіне құлақ түрсек, жазда күн ыстық болса, қыс қатты суық болатынын айтады. Демек, қыс-тың қамын қазірден қолға алып, дайындық жұмыстарын ертерек бастаудың пайдасы зор.

Өткен аптада Алматының коммуналдық қызметтері мен қоғам белсенділері қаладағы орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған үйлердің жылу маусымына дайындығын тексерді. Жылу жүйесінің жалпы жағдайы, жылуды есептеу құралдарының және жылу беру негізгі тораптарының орнатылуы мен дұрыс жұмыс істеуін бақылаған топ тексеру барысында тұрғын үй-жайлардың, нақтырақ айтқанда ПИК пен МИБ басқарушыларының жұмыстарында әлі де шикілік барын анықтады. Жауаптылардың арасында арқаларын кеңге салып, алдағы маусымға әлі дайындық жүргізбегендер баршылық екен. Мұндай бейқам тірлік қала тұрғындарының қыста «үйіміз жылымайды» дейтін шағымдарын көбейтетіні анық.

Мамандардың айтуынша, көпқабатты үйдің элеватор торабына жылу бергеннен кейін үйлердегі жылу мен қызмет көрсету сапасына ПИК, МИБ немесе басқарушы компания өкілдері жауапты.

– *ПИК басшылары, МИБ төрағалары жылу пункттерін, тұрғын үйлердің ішкі жылыту жүйелерін қысқы кезеңге осы бастан дайындауы тиіс. Мәселен, кейбір ескі үйлердің жылу жүйелерінің дайындығы мәз емес. Төбелерінен су ағып, жылу, су жүйелері шіріп, жер төселері бітеліп жатқан жағдайлар кездесіп жатыр. Талап бойынша олар суық түскенше құбырларды тазарту мен қысымын тексеру, үй иелерінің қарызын есептеу және оны өтеу жұмыстары секілді жұмыстардың барлығын реттеп қоюы керек,* – дейді «Алматы жылу желілері» ЖШС бас инженерінің орынбасары Сергей Лухтин.

Алматыда 8000 үй болса, қазіргі таңда оның 2500-і қысқа толығымен дайын. Бұл өз жұмысына жауапкершілікпен қарайтын басшылардың ісі. Жаңа үйлерде жылу жүйесіне қатысты мәселе туындамайтын шығар. Бірақ қаланың инженерлік коммуникацияларының шамамен 70%-ы толық ауыстыруды қажет етеді. Ал тозған құбырлар апатқа себеп болатыны айтпаса да түсінікті.

Алып қалада ескірген құбырлар мен жер төселеріне күрделі жөндеуді қажет ететін үйлер жетерлік. Сала мамандарының айтуынша, құбыр жүйелерін ауыстыру жұмыстары әр 15 жыл сайын жасалуы тиіс.

– *Жылыту маусымы аяқталған кезде біз үйлердің жылу жүйелерінің барлығын жуамыз. Бұл жұмыстар екі жылда бір рет жүргізіледі. Содан кейін элеватор түйіндері тексеріледі. Кейде суық батареяларға қатысты шағымдар айтылып жатады. Оған батареялардың клапандары жабылып қалуы, құбырларға ауа жетпей жатуы секілді жағдайлар себеп. Мұндай шағымдар көбінесе тоғыз қабатты үйлерде кездеседі. Негізінде, жылыту жүйесінің жұмысы үй иелеріне байланысты, сондықтан олар бұл жұмысты үнемі қадағалап отыруы керек,* – дейді жылыту жұмысының маманы Григорий Заваротный.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

Жалпы, тозығы жеткен инфрақұрылым, сапасыз инженерлік-коммуникациялық желілер – көптен бері айтылып жүрген күрмеулі мәселелердің бірі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында электр желілерінің үштен бір бөлігі, жылу құбырларының 57%-ы және су желілерінің жартысына жуығы ескі екенін айтып, билік пен коммуналдық кәсіпорындарға жаңғырту жұмыстарын қолға алуды жүктеген болатын.

«Алматы жылу желілері» мекемесінің қызметкерлері қыс кезінде пәтерлерінің суық екенін айтып шағым айтатындар күрт көбейетінін айтады. Жалпы, пәтерлерге жылудың толық жетпеуіне себеп көп. Мәселен, кейбір үйлерде құбырлардың басындағы вентильді ашып, оны жабуды ұмытып кетеді. Сондықтан тұрғын үйге жауапты мамандар жылыту желісіне жөндеуді жазда жасауы керек. Ал жылуға қосылардың алдында құбырларға су жіберуі қажет. Көпшілігі осыны ескермейді. Құбырларда азын-аулақ су болған соң олар шіріп, жарылып жатады дейді мамандар. Жауапты мекеме жүргізген тексеріс кезінде үйлеріне жылу берілмей отырғандардың 90 пайызына ПИК, МИБ және ЖС басшыларының осалдығы себеп болады екен.

Қазір Алматыда сынап бағанасы +36 градустан түспей тұр. Қалалықтар аптап ыстыққа эзер шыдап жүр. Көпқабатты үйлер мен қоғамдық көліктер кондиционердің көмегімен ғана қалыпты температураны ұстап тұр. Бұл уақыт та өтер... Бірақ ертеңгі күні алматылықтар өз пәтерлерінде бүрсең қағып, сусыз, жылусыз қалмас үшін қазірден-ақ әрекет ету керек. Жылдар бойы қордаланған мәселелердің соңы қалай болатынын бір кісідей-ақ білеміз. Оған өткен жылы Павлодарда болған жағдайлар сабақ болуы керек.

БРИФИНГ

«ҚАУІПСІЗ САУДА»

республикалық акциясы

Елімізде 2024 жылғы 22–28 шілде аралығында сауда объектілерінде өрт қауіпсіздігін сақтау бойынша республикалық акция өткізілді. Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері өңірлік коммуникациялар қызметі брифингінде акцияның қорытындысын шығарды.

Алматы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Константин Канин атап өткендей, сауда объектілеріндегі өрттердің негізгі себебі – электр сымдарының қысқа тұйықталуы болып табылады.

«Ағымдағы жылдың 7 айында Алматы қаласының аумағында 388 өрт тіркелді. Оның 11-і сауда нысандарында болған. Өртке электр сымдары мен құрылғыларының қысқа тұйықталуы (10) мен дәнекерлеу (1) жұмыстары себеп болған. Нәтижесінде меншік иелеріне де, жалға алушыларға да үлкен материалдық залал келтірілді, бұл тек тауарлық-материалдық емес, сонымен қатар көптеген отбасылар үшін табыс көздерін жоғалтуға әкелді», – деді К.Канин.

Департаменттің есебінде барлығы 14 мыңнан астам сауда объектісі бар, олардың 242-сі жоғары және орташа тәуекел дәрежесіне жатады, олар Кәсіпкерлік Кодекске сәйкес өрт қауіпсіздігі саласында профилактикалық бақылауға және қадағалауға жатады.

«Ағымдағы жылы 26 сауда нысаны профилактикалық бақылауға алынды, өрт қауіпсіздігі талаптарының 609 бұзушылығы анықталды. Басшыларға анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымдар берілді», – деп нақтылады К.Канин.

Жыл соңына дейін тағы 30 сауда объектісіне профилактикалық бақылау жүргізу жоспарланған. Қалған объектілер жаңа реттеу ережелеріне байланысты тексерілуге жатпайды. Спикердің айтуынша, апаттың орын алуына автоматты өрт дабылдарының болмауы, болған жағдайда да істемеуі, эвакуация жолдарында жанғыш материалдарды, қалдықтарды, қаптамаларды сақтау; алғашқы өрт сөндіру құралдарының болмауы және т.б. жағдайлар себеп болады.

Брифингке қатысқан Алматы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бас маманы, азаматтық қорғау майоры Дарын Мұқанов 2024 жылғы 22–28 шілде аралығында Алматы қаласында сауда объектілерінде өрттердің туындау қаупін азайту мақсатында «Қауіпсіз сауда» республикалық акциясы өткізілгенін хабарлады, оның шеңберінде 123 сауда объектілерінде (СОО – 21, СУ – 68, базарлар – 34) өрт қауіпсіздігі саласында профилактикалық іс-шаралар жүргізілді. Оған жергілікті атқарушы органдардың, «Атамекен» ҰКП өкілдері мен еріктілер жұмылдырылды.

35 000-нан астам адамды қамти отырып, сауда орын иелері мен жалға алушылармен 150-ге жуық кездесулер, нұсқамалар, әңгімелер мен түсініктемелер ұйымдастырылды және өткізілді. Жедел жоспарлар мен өрт сөндіру нұсқамалары түзетілді. Сондай-ақ, «Ялян» базарында өрт-тактикалық сабағы өткізілді, оның мақсаты нақты өрт жағдайында жеке құрамның іс-әрекеттерін пысықтау болды.

Ол көптеген нысандарда жаңа реттеуші саясатқа байланысты өрт-техникалық тексерулер жүргізілмегенін, осылайша азаматтық қорғау органдары тарапынан бақылаусыз қалатынын айтты. Осыған байланысты бүгінгі күні профилактикалық бақылауға жатпайтын сауда объектілерінің басшыларымен өрт-техникалық тексеруді өздерінің бастамасымен жүргізу мәселесі пысықталуда. Бұл ретте әкімшілік ықпал ету шаралары қолданылмайды, қорытындысы бойынша тиісті ұсынымдар берілетін болады. Соңында мамандар тұрғындарды өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарын сақтауға шақырды.



Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

Заңсыз ойын бизнесімен күрес:

ЛУДОМАНИЯ

ойынқұмарлық та – ауру, одан айығуға бола ма?

Елімізде лудоманиямен күресті күшейтетін заң қабылданды. Бұл туралы Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаменті тергеу басқармасының басшысы Сәкен Кондубаев айтты.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сапар РАХМЕНШЕЕВ,
Алматы қаласы Психикалық денсаулық
орталығының директоры:

ОЙЫНҚҰМАРЛАР
ҮШ КЕЗЕҢНЕН ӨТЕДІ

1-кезең – көп жағдайда біреудің итермелеуі арқылы болады. Мысалы, «бірге ойнауға» көндіретін қызықты қарсыластың немесе серіктің пайда болуы. Белгілі бір ойынға әуестеніп, адам қанша ұтылғанын байқамайды, тек өзінің ғана жеңісін көреді. Бұл оған қуаныш сыйлайды. Бұл кезеңде ойыншы сүйікті ойынынан оңай шыға алады.

2-кезең – ойын уақыты артады. Мұның себептері қиын деңгейлер болуы мүмкін, ешқандай жолмен өте алмайтын немесе ойынның қандырғысы келеді. Адам ескі достарымен кездесу, киноға бару, жаяу серуендеу сияқты өмірдің қуаныштарынан біртіндеп бас тартады. Оның орнына ол уақытын компьютерде, ойын автоматында немесе казинода өткізеді.

3-кезең – ойын өмірінің мәніне айналады. Науқас өзінің ауруын мойындай алмайды, бірақ көмексіз емделу мүмкін емес. Ойын оның әлеміне айналады. Ол үнемі ашуланып, депрессияда жүреді, өңі де қашып кетеді. Барлық дерлік ойыншы тәуелділіктен арыла алатынына сенімді. Құмар ойындарға тәуелділікті жеңудің ең үлкен қадамы өзінде осындай проблема бар екенін түсінуден басталады. Ал егер жүйке аурулары немесе депрессия пайда болса, уақытылы дәрігермен кеңесу керек.

P.S.:

Лудомания ауруына шалдыққан досыңыз, жақыныңыз болса, Алматы қаласы Психикалық денсаулық орталығының тәулік бойы жұмыс істейтін 376-56-60 сенім телефонына хабарласуыңызға болады. Сізге кәсіби мамандар кеңес береді және ойынқұмар досыңыздың аты-жөні құпия сақталады.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Аталған департаменттің басым міндеттерінің бірі – заңсыз ойын бизнесімен күрес. Ойын бизнесі 2007 жылы шыққан «Ойын бизнесі туралы» Заңмен реттеледі. Заңның 11-бабына сәйкес казино мен ойын автоматтарының залдарын Алматы облысында (Қапшағай) және Ақмола облысында (Шұңғыл ауданы) орналастыруға болады. Ал басқа жерлерде ашу заңсыз. Сондай-ақ, заңда көрсетілгендей, 21 жасқа толмаған қазақстандықтарды онлайн-казиноларға және құмар ойындарға жіберуге тыйым салынады. Сонымен қатар, онлайн-казино мен букмекерлік кеңселерді жарнамалау да заңға қайшы әрекет.

Заңда мәдени ұйымдар орналасқан тұрғын үйлерде, жатақханаларда, ғимараттарда, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарында, діни ғимараттарда аппараттар орнатуға және лотерея са-

туға тыйым сала отырып, лотерея билеттерін өткізу орындарына қойылатын талаптар да белгіленген.

ӨКҚ спикері Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаменті жыл бойы «Құмар ойындарсыз қала» және «Стоп-ойын» ауқымды іс-шараларын өткізгенін атап өтті. Мәселен, департамент былтыр заңсыз ойын бизнесіне қарсы іс-қимыл желісі бойынша 14 қылмыстық істі тіркеді. 4 ойын залы, 1 букмекерлік кеңсе (4 букмекерлік касса), 5 жасырын казино, заңсыз ойын терминалы бар 1 нүкте, 1 онлайн-казино, әлеуметтік желілер арқылы құмар ойындарды таратудың 2 дерегі анықталды. Заңсыз айналымнан 111 монитор, 102 процессор, ойын терминалы, 37 ұялы телефон, 6 бейне-ресивер, 923 500 теңге және 500 АҚШ доллары көлемінде ақша алынды. 2023 жылы 1500-ден астам ойын терминалының көзі жойылды.

«Биылғы бірінші жартыжылдықта заңсыз ойын бизнесіне қарсы күрес саласында департа-

ментпен 5 сотқа дейінгі тергеу тіркелді. 4 онлайн-казино мен бір заңсыз ойын залының қызметі тоқтатылды. TikTok, Instagram әлеуметтік желілерінде заңсыз құмар ойындарды ұйымдастырушылар анықтадып, олардың да жұмысы тоқтатылды», – деді С.Кондубаев.

